



Суретті түсіргендер – АЛУКЕНБЕК ЕТКІБЕК

## Еліміз өзара тиімді кооперацияны кеңейтуге әзір

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Азия даму банкінің президенті Масато Канданы қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Масато Кандаға ілтипат көрсетіп, АДБ жетекшісі лауазымына кіріскеніне бір жыл болғанымен және банктің алдағы 60 жылдық мерейтойымен құттықтады.

Қазақстан Президенті 30 жылдан аса уақыт ішінде Азия даму банкі елімізде жалпы сомасы 7 млрд доллардан асатын 170-тен аса жобаға қолдау көрсеткенін айтты. Осылайша, банк экономикалық өсімге, инфрақұрылымды жаңғыртуға және азаматтардың тұрмыс сапасын жақсартуға айтарлықтай үлес қосты.

Мемлекет басшысы экономиканың басты секторларындағы ауқымды жобаларды жүзеге асыру жоспары жөнінде әңгімеледі. Бұл елімізде орнықты даму мен құрылымдық өзгерістерді қамтамасыз ету мақсатында қолға алынған.

Масато Канда Азия даму банкі Қазақстанмен арадағы ықпалдастық аясын кеңейтуді басым бағыт санайтынын жеткізді. Банк тұрғын үй құрылысы, төтенше жағдайларды басқару және өзге де маңызды стратегиялық жобаларды қаржыландыруға дайын екенін растады.

АДБ жетекшісі еліміздің цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектіні енгізу бойынша алдыңғы орында тұрғанын атап өтіп, аса маңызды минералдар секторын ілгерілетуде, ірі инвестициялық бастамаларды іске асыруда зор әлеует бар екеніне тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Қазақстан мен Азия даму банкі арасында орнықты және ұзақмерзімді серіктестік орнаған, еліміз өзара тиімді кооперацияны одан әрі кеңейтуге әзір.

## Бахрейн Королімен телефон арқылы сөйлесті

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев шейх Хамад бен Иса Әл Халифамен Таяу Шығыстағы ахуалды талқылап, еліміз қазіргі қиын-қыстау шақта Бахрейн халқына тілектес екенін айтты.

Мемлекет басшысы Иранға қарсы соғысқа қатыспаған Бахрейн мен басқа да елдердің азаматтық инфрақұрылымын зымыранмен атқылауға алаңдаушылық білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан жағдайды одан әрі ушықтырмай, қақтығысты диалог және дипломатия жолымен бейбіт түрде шешуді құптайтынын жеткізді.

Өз кезегінде Король Хамад бен Иса Әл Халифа ұдайы қолдау

көрсеткені үшін Қазақстан Президентіне алғыс айтты. Сондай-ақ сауда-экономикалық және инвестициялық байланыстарға баса мән бере отырып, екіжақты ынтымақтастықты одан әрі жандандыруға ниетті екенін растады.

Тараптар Қазақстан-Бахрейн арасындағы достық қатынас пен серіктестікті одан әрі нығайтуға бейіл екенін жеткізіп, қасиетті Рамазан айында екі ел халқына бейбіт өмір, бақ-береке тіледі.

## Жыр алыбының өшпес мұрасы

Қасым-Жомарт Тоқаев Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл толуына арналған салтанатты жиын қатысушыларына құттықтау жолдады.

### Қадірлі қауым!

Сіздерді қазақ халқының заңғар тұлғасы, әдебиетіміздің алыбы Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл толуымен құттықтаймын!

Жамбыл Жабаев – ұлт руханиятында ерекше орны бар тарихи қайраткер, төл мәдениетіміздің аса көрнекті өкілі. Әйгілі жыршы шоқтығы биік шығармалары арқылы отаншылдық пен ынтымақ, ерлік пен елдік, адалдық пен әділдік секілді мызғымас құндылықтарды кеңінен дәріптеді.

Халқымыздың біртуар перзенті айтыс өнерінің өрісін кеңейтуге, эпикалық дәстүрді жаңғыртуға, қазақ-қырғыз әдеби байланысын нығайтуға өлшеусіз үлес қосты.

Өз дәуірінің тыныс-тіршілігін асқан шеберлікпен суреттеп, жұрттың ыстық ықыласына бөленді. «XX ғасырдың Гомері» атанған ұлы ақынның туындылары көптеген шет тіліне аударылып, барша адамзатқа ортақ қазынаға айналды.

Қос ғасырдың куәсі болған жыр алыбының мол мұрасы әлі талай ұрпаққа рухани азық болары сөзсіз. Биыл мерейтойға орай Жамбыл Жабаевтың тарихи бейнесін айшықтай түсетін құнды пікірлер мен тағылымды ой-тұжырымдар айтылады деп сенемін.

Осы өте маңызды іс-шараларыңыз сәтті өтсін, баршаңыздың ниеттеріңіз қабыл болсын!

Сіздерге мықты денсаулық, бақ-береке тілеймін!

### БӨРЕКЕЛДІ!

## Спортшыларымыздың айқын жеңісі

Германияның Инцелль қаласында конькимен жүзгіруден жастар арасында өткен әлем чемпионатында еліміздің құрамасы елеулі жетістікке қол жеткізді. Әсіресе, бұл сында жерлесіміз Кристина Шумекованың асқан шеберлігі мен тарихи табысы жанкүйерлерді ерекше қуантты.

**Ғалым СҮЛЕЙМЕН,**  
«Egemen Qazaqstan»

Жарыстың алғашқы күнінде-ақ 19 жастағы Солтүстік Қазақстан облысының тумасы 500 метрлік қашықтықты 38.48 секундта бағындырып, алтыннан алқа тақты. Бұл – қазақ спортындағы елеулі оқиға. Отандық конькишілер соңғы рет жастар арасындағы әлем

біріншілігінде осыдан 16 жыл бұрын, яғни 2010 жылы топ жарған еді. Екатерина Айдованың сол ерлігін араға жылдар салып Кристина қайталап отыр. Бұл бәсекеде канадалық Джулия Снелгров (38.78) күміс, польшалық Виктория Дабровска (38.96) қола жүлдеге ие болды.

Жеңісті күндер мұнымен шектелмеді. 1 500 метрлік

сайыста жерлесіміз 1:56.06 уақыт көрсеткішімен тағы да шашасына шаң жұқтырмады (аустриялық Джанин Роснер – 1:56.36, жапониялық Аяно Секигучи – 1:57.97). 1000 метрде 1:16.34 нәтижесімен бас жүлдені үшінші мәрте қанжығасына байлады. Бұл қашықтықта күміс пен қола медаль жапониялық Аяно Сэкигучи (1:16.66) мен аустриялық Джанин Роснерге (1:17.00) бұйырды.

Айта кетерлігі, К.Шумекова Инцелльде жеке рекордын да жаңартты. 3 000 метрлік додада күміс жүлдені қанағат тұтқанымен, жекедей қашықтықтар жиынтығы жөнінде жерлесіміз

теңдессіз деп танылды. Бұл – ел спортының тарихында бұрын-соңды болмаған тарихи оқиға! Осындай айтулы жеңістен соң Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев дарынды конькишімізді орасан зор табысымен арнайы құттықтап, алдағы додаларда сәттілік тіледі.

Одан кейін құрамында Кристина Шумекова, Анастасия Беловодова, Варвара Глухова бар еліміздің қыздар құрамасы командалық спринтте топ жарды. Құрама қоржынына түскен алтыншы алтынға масс-стартта жеңіске жеткен Вадим Чебардаков ие болды.



### ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

## Тобылдағы қоныстой

Тобыл қаласының «Астана» шағын ауданында жаңадан салынған үш көпқабатты тұрғын үй пайдалануға беріліп, 43 отбасы қоныстойын тойлады.

**Нұрқанат ҚҰЛАБАЙ,**  
«Egemen Qazaqstan»

Быттыр көктемде ғана құрылысы басталған жаңа шағын ауданда бүгінге дейін 10 үйдің (450 пәтер) құрылысы аяқталып, ел игілігіне берілген. Қазір тағы 13 үйдің іргетасы қаланып жатса, жазға салым қосымша 16 тұрғын үйдің құрылысы басталады. Жалпы, жоспар бойынша мұнда 154 көпқабатты үй бой көтеріп, 60 мыңнан астам отбасы қоныстануға тиіс.

Тұрғындарға пәтер кілттерін табыстаған облыс әкімі Құмар Ақсақалов бұл жобаның Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023–2029

жылдарға арналған тұжырымдамасы аясында жүзеге асып жатқанын атап өтті.

Облыстық Құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының мәліметінше, кейінгі үш жылда пайдалануға берілген тұрғын үй көлемі 9%-ға өскен.

Өткен жылы 517,4 мың шаршы метр баспана салынған (оның 64 мың шаршы метрі ауылдық жерлерде бой көтеріп, 5,5 мыңға жуық ауылдық отбасы қамтылды).

«Қостанай жастары» ипотекасымен бүгінге дейін 5 млрд теңге игеріліп, 340 жас отбасы баспаналы болса, биыл бағдарламаға тағы 2 млрд теңгеге жуық қаржы бөлініп отыр.

### Қостанай облысы



### САЯСАТ

ЖАСАМПАЗДЫҚҚА  
ЖЕТЕЛЕГЕН ЖЕТІ ЖЫЛ

2-3

### ӘЛЕМ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН

ШЕКАРА ДАУЫ  
ШИЕЛЕНІСТІ

6

### ӨНІР / ЖАРНАМА

ӨРТ ҚАУПІН  
АЗАЙТҚАН ЖҮЙЕ

7

### ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМАЫ:

**EUR/KZT** 589.95 **USD/KZT** 502.6 **RUB/KZT** 6.5 **CNY/KZT** 73.03

## ІЛКІМДІ ІЛГЕРІЛЕУ

**Олжас БЕКТЕНОВ,**Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қасым-Жомарт Тоқаев тұтас ұлт тағдырын мойнына алған жеті жылда еліміздің әлеуметтік-экономикалық және саяси даму моделінде ауқымды әрі жүйелі өзгерістер болды. Бұл жылдар жер бетін түгел жайлаған пандемия, әлемдік экономиканың баяулауы, инфляциялық және логистикалық сынтетеуірлер, геосаяси тұрақсыздық сияқты жаһандық ахуалдың аса күрделі кезеңімен, сондай-ақ жылдар бойы жалғасқан ішкі экономикалық әрі саяси теңсіздіктерді еңсеру қажеттілігімен тұспа-тұс келді.

Күрмеуі қиын, қордаланған түйткілдерге қарамастан, Президентіміз тұрақтылықты қамтамасыз етіп, Қазақстан серпіңді даму жолына түсті.

Көптеген сын-қатерге жауап ретінде бірінші кезекте мемлекетіміздің ұзақмерзімді орнықтылығын нығайтуды мақсат еткен ауқымды реформалар жүзеге асырылды. Президент Тоқаев жалаң ұран мен популизмге жол берген жоқ, уақытша нәтижелерге де ешқашан иек артқан емес. Мемлекет басшысы халықтың әл-ауқатын жақсартуға, экономикалық және саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған елдіктің мызғымас берік тұғырын қалыптастыру жолында еңбек етіп келеді.

Мұндағы нәтиженің бәрі көз алдымызда.

2025 жылы әлемдік экономиканың өсімі 3,3%-ға құраса, Қазақстанда ішкі жалпы өнім 6,5%-ға артты.

Экономиканың құрылымы да өзгерді. Бұрын өсім негізінен сыртқы шикізаттық конъюнктураға тәуелді болса, бүгінде ол Мемлекет басшысының жүйелі шешімдерінің арқасында шикізаттық емес секторлар мен ішкі сұраныстың есебінен өсіп келеді.

Осылайша, экономиканың өсуіне өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, сауда, көлік және қызмет көрсету салалары барынша үлес қосып отыр.

Жеті жыл ішінде номиналды ІЖӨ 1,7 есеге ұлғайып, 2019 жылғы 181,7 млрд доллардан 2025 жылы 305,9 млрд долларға дейін өсті. Жан басына шаққандағы ІЖӨ де тұрақты түрде артып, 2019 жылғы 9,8 мың доллардан 2025 жылдың қорытындысы бойынша 15 мың долларға дейін жетті.

Өңдеу өнеркәсібінің көлемі 2,5 еседен астам, яғни 2019 жылғы 11,5 трлн теңгеден 2025 жылы 30,63 трлн теңгеге дейін өсті. ІЖӨ құрылымында өңдеу өнеркәсібінің үлесі 11,4%-дан 12,7%-ға дейін ұлғайса, керісінше кен өндіруші сектордың үлесі 14,5%-дан 12%-ға дейін қысқарды.

Аталған көрсеткіштердің сыртында жаңадан бой көтерген ондаған ірі зауыт пен мыңдаған жұмыс орны тұр. Қостанай облысында KIA автокөліктерін шығаратын және шойын құю зауыттары іске қосылды, Қарағанды облысында тұрмыстық техника мен автомобиль шиналары, Атырау облысында полипропилен өндірістері жолға қойылды, Алматы облысында вольфрам концентраты шығарыла бастаса, Павлодар облысында теміржол техникасына арналған қосалқы бөлшектер өндірісі, Шымкентте алюминий қаптама өндірісі мен бағалы металдарды қайта өңдеу және басқа да көптеген өндіріс орны жұмысын бастады.

Ел экономикасының дамуындағы көшбасшы салалардың бірі – бүгінде тұрақты өсім көрсетіп отырған құрылыс секторы. Тек өткен жылдың өзінде елімізде 20 млн шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға берілді. Бұл көлем екі бірдей облыс орталығы – Павлодар мен Қостанай қалаларының жалпы тұрғын үй қорынан асып түседі.

Халықаралық валюта қорының деректеріне сәйкес, Қазақстан әлемдегі ең ірі топ-50 экономиканың қатарына енді, сондай-ақ орташа жылдық экономикалық өсім қарқыны бойынша да алғашқы бестіктің ішінде тұр.

World Competitiveness Ranking рейтингінің мәліметі бойынша мемлекетіміз жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексында 34-орынға ие болды. Бұл еліміздің инвестициялық және іскерлік тартымдылығының нығая түскенін айғақтайды. Экономика «бір салаға байланып қалған» бағытынан арылды деуге болады, қазіргі таңда кен өндіру секторындағы уақытша тербелістер макроэкономикалық ахуалдың тұрақтылығына пәлендей әсер етіп қалатқан жоқ. Бұл дамуын анағұрлым қалыптасқан әрі теңгерімді үлгісіне бет бұрғанымызды көрсетсе керек.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың инвестициялық саясаты экономиканы жаңғыртудың негізгі құралдарының біріне айналды.

Жеті жыл ішінде негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 12,6 трлн теңгеден 22,7 трлн теңгеге дейін



Сурет: Есенен Қазақстанның арқанын алатын

өсті. Оның үстіне құрылымы да айтарлықтай өзгерді: қаржының негізгі бөлігі өңдеуші өнеркәсіпке, инфрақұрылымға, энергетикаға, логистика мен агроөнеркәсіп кешінен бағыттталып отыр.

Агроөнеркәсіп кешінен дамыту мемлекеттің стратегиялық басымдығы болып қала береді. Азық-түлік қауіпсіздігі, саланы жаңғырту, экспорттық әлеуетті арттыру – мұның бәрі ауыл тұрғындарының тұрмыс жағдайын жақсартумен тығыз байланысты.

Суармалы егіншілік пен инфрақұрылымды дамытуға ерекше көңіл бөлініп келеді: алдағы уақытта суармалы алқаптарды 2,5 млн гектарға дейін жеткізу көзделіп отыр.

Ирригациялық жүйелер, элеваторлар, өңдеуші қуаттар мен логистикалық тізбектерді жаңғырту жұмыстары жалғасуда. Мал шаруашылығын қолдау және ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеуді күшейту қосылған құны жоғары өнімдер шығаруға мүмкіндік береді.

Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі жеті жылда шамамен екі есеге, яғни 2019 жылғы 5,2 трлн теңгеден 2025 жылы 9,8 трлн теңгеге дейін, азық-түлік өндірісінің көлемі 1,7 трлн теңгеден 3,9 трлн теңгеге дейін өсті.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, саланы қолдау көлемі жылына бір триллион теңгеге жеткізілді, шаруаларға тиісті қаражат бұдан былай ерте бастан бөлінеді.

Нәтижесінде, ауыл шаруашылығы жұмыстарының сапасы айтарлықтай жақсарды, ал фермерлер өз кезегінде жыл сайын елімізді мол өніммен қамтамасыз етіп келеді.

Қазақстан дәстүрлі түрде әлемдік нарыққа астық пен ұн жеткізіп отырған жетекші мемлекеттердің қатарына кіреді, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімдері экспорттың географиясы да Орталық Азия мен Ауғанстаннан бастап Таяу Шығыс елдері мен Қытайға, Еуропалық одаққа және басқа да бағыттарға қарай кеңейіп келеді.

Өнеркәсіп секторында «Бәйтерек» инвестициялық холдингі арқылы бүкіл еліміз бойынша жүздеген жоба қаржыландырылды. Соның ішінде Алматыда жеңіл автокөліктер өндірісін, Қарағанды облысында Қармат болат құю өнімдері кәсіпорнын, Павлодар облысында Қазақстан электролиз зауытын, Түркістан облысында Ecoculture-Eurasia жылыжай кешенін, Алматы облысында «Шин-лай» балмұздақ шығаратын өндіріс орнын атап көрсетуге болады.

Жеті жылда «Бәйтерек» арқылы қаржыландыру көлемі 2,9 трлн теңгеден 10,4 трлн теңгеге дейін ұлғайды. Қазіргі уақытта холдингінің қаржылық қолдауымен металлургияда жалпы құны 3,9 трлн теңге болатын 23 жоба жүзеге асырылуда, машина жасау саласында 610,6 млрд теңгеге 21 жоба қаржыландыру кезеңінде болса, химия өнеркәсібінде құны 636 млрд теңгені құрайтын 11 жоба, ал агроөнеркәсіп кешенінде 415,9 млрд теңге болатын 69 жоба жүзеге асырылып жатыр.

Мемлекет басшысы ішкі өсім мен негізгі жұмыспен қамту көзі ретінде микро және шағын бизнесті дамытуға ерекше мән береді. Шағын және орта кәсіпкерліктің ІЖӨ-дегі үлесі 40,5%-ға жетті, аталған секторда шамамен 4,5 млн адам жұмыс істейді, бұл – еңбекке қабілетті халықтың тең жартысына жуығы.

Шағын кәсіпорындардың белсенділігі тек сауда мен қызмет көрсету салаларында ғана емес, сонымен қатар құрылыс, көлік және өңдеу өнеркәсібінде де артып келе жатқанын айта кеткен жөн.

Шағын бизнес ірі жобалардың жеткізу тізбегіне кеңінен қосыла бастады. Әкімшілік кедергілер азайып, пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау, кепілдік беру және даму институттарының бағдарламалары арқылы қаржыландыру жүйесі қолжетімді бола түсті.

Жыл сайын мыңдаған жобаға қолдау көрсетіліп, осы сектордағы кәсіпкерлерге арналған жеңілдетілген қаржыландыру көлемі жүздеген миллиард теңгеге жетті. Сонымен бірге мемлекеттік қызметтерді цифрландыру тіркеу мен есеп беруді және қолдау шараларын алу рәсімдерін жеңілдетіп отыр.

Жаңа инвестициялық кезеңнің елеулі жобаларының ішінде Alatau City көпсалалық урбанистикалық кластерінің орны ерекше. Президент тапсырмасы бойынша жаңадан бой көтеретін қала инновациялық экономиканы, жоғары технологиялық өндірістерді, білім беру мен іскерлік инфрақұрылымды дамытуға тың серпін беретін өсудің жаңа бағытына айналмақ.

Белсенді геологиялық барлау жұмыстары арқылы еліміздің минералдық-шикізат базасын кеңейту ұзақмерзімді экономикалық даму стратегиясының маңызды элементі болып табылады.

Кейінгі жылдары мыс, никель, көмір, алтын және сирек металдардың болжамды қоры бар ондаған перспективалық учаске анықталды.

2026 жылдың соңына қарай Қазақстан аумағын геологиялық және геофизикалық зерттеу көлемі 2,2 млн шаршы шақырымға дейін жетеді.

Президенттің тапсырмасы бойынша 2026–2028 жылдары геологиялық барлау жұмыстарына мемлекет тарапынан 240 млрд теңгеге жуық инвестиция салынады. Бұл өткен жиырма жыл бойы осы салаға жұмсалған барлық шығынның көлеміне сәйкес келеді.

Бұған қоса, сыртқы инвесторлардың тарапынан да қызығушылық байқалып отыр. Осы орайда қажетті шешімдердің бәрі ұлттық мүдделерімізді ескере отырып, қабылданатыны анық. Мұндай ауқымды жұмыс ұзақмерзімді өнеркәсіптік өсудің негізін қалыптастырады.

Еліміздің транзиттік әлеуетінің дамуы – Мемлекет басшысының ұдайы назарында. Мұнда Транскаспий халықаралық көлік бағыты немесе Орта дәліз ерекше маңызға ие. Аталған бағытта тасымал көлемі кейінгі 7 жылда 5 есе өсті.

Заманауи теміржол инфрақұрылымы транзиттік әлеуетті дамытуға мүмкіндік береді. Мәселен, елімізде кейінгі жеті жыл ішінде 1 мың шақырымға жуық жаңа теміржол салынды, 9,5 мың шақырым жол жөндеу жұмыстарымен қамтылды, оның ішінде 3,5 мың шақырымға күрделі жөндеу жүргізілді.

Шымкент, Ақтөбе, Қарағанды қалаларындағы және шекара маңындағы теміржол тораптарын жаңғырту өткізу қабілетін арттырып қана қоймай, өңірлердің өзара байланысын нығайтып, логистикалық шығындарды азайтуға септігін тигізді, осылайша, елдің транзиттік әлеуетін күшейтіп, ішкі нарықты кеңейте түсті.

Биыл біз ұзақ жыл бойы жөндеу көрмеген, шынтуайтында, әбден тозығы жеткен 124 теміржол вокзалын жаңғырту жұмыстарын аяқтаймыз.

Теңіз порттарының өндірістік қуатын кеңейту қолға алынды, терминалдар жаңартылып, өткізу қабілеті артып келеді. Негізгі тораптың бірі – Жетісу облысындағы «Қорғас» құрғақ жүк порты арқылы жыл сайын жүздеген мың контейнер өтеді.

Алматы және Жетісу облыстарында жүктерді бір орталыққа шоғырландырып, өңдеуден өткізетін логистикалық орталықтар желісі құрылды.

Жеті жылдың ішіндегі ауыз толтырып айтатын тағы бір жайт – 25 мың шақырымнан астам автомобиль жолы салынып, күрделі жөндеуден өтті, сол сияқты Орталық-Оңтүстік, Орталық-Шығыс, Батыс-Шығыс негізгі дәліздері іске асырылды, барлық өңірде жергілікті жолдар желісі едәуір жаңартылды.

Бұған дейін ұзақ жыл бойы жүйелі қаржыландырудан тыс қалып келген жергілікті жолдарды жөндеу мен жаңадан салу экономикаға мультипликативті әсер берді: шығындар қысқарып, сауда-саттық көлемі өсті, шағын және орта бизнес дамып, өңірлердің инвестициялық тартымдылығы арта түсті. Іс жүзінде күре жолдар еліміздің экономикалық кеңістігінің негізіне айналды. Аталған бағытта жұмыстар жалғасып жатыр.

Теңіз порттарының қазіргі жалпы өткізу қабілеті 22 млн тоннаны, оның ішінде Ақтау порты арқылы шамамен 15 млн тонна және Құрық порты арқылы 7 млн тоннаны құрайды.

2025 жылдың қорытындысы бойынша порттар арқылы жүк өткізу 8 млн тоннаға

дейін артты, контейнерлік тасымал көлемі 90 мыңға жетті. Салыстыру үшін айтсақ, 2024 жылы бұл көрсеткіш шамамен 60 мың контейнер болған еді.

Авиация саласы да тұрақты түрде өсім көрсетіп келеді: егер 2023 жылы әуежайлар 26 млн жолаушыға қызмет көрсетсе, 2025 жылы бұл көрсеткіш 31,8 млн-ға жетті. Қазақстан 30-дан астам елмен әуе қатынасын орнатты, 130 бағыт бойынша 600-ден астам рейс қатынап тұр. Сонымен қатар әуежайлар жаңғыртылып, жаңа терминалдар салынуда, инфрақұрылымдар жаңартылып жатыр.

Биыл Катонқарағайда, Зайсанда, Кендірліде, Арқалықта 4 жаңа әуежай іске қосылмақ. Арқалық қаласындағы 30 жылдан астам уақыттан бері қаңырап, қараусыз қалған әуежай Президенттің тікелей тапсырмасымен қалпына келтірілуде.

Көлік инфрақұрылымының дамуы туристік салаға да тікелей әсер етті. 2022 жылдан бергі пандемиядан кейінгі қалпына келу кезеңінде елімізге сахаттап келушілер қатары Қытай, Үндістан, Парсы шығанағы елдерінен келген туристер есебінен тұрақты өсіп келеді. Ірі халықаралық Lonely Planet нұсқаулығы Қазақстанды Best in Travel 2025 рейтингіне енгізді, CNN және The New York Times Алматыны үздік туристік бағыт ретінде атап өтті, ал Шымбұлақ Condé Nast Traveler нұсқасы бойынша үздік әлемдік бағыттар қатарына енгізілді.

Осыны ескере отырып, Мемлекет басшысы Алматы тау кластерін одан әрі дамыту қажеттігін атап өтті. Жобаның табыс көзі де айқын: тау курортының инфрақұрылымына салынған әрбір доллар курорттық экономикаға шамамен бес доллар және жалпы туризм экономикасына 15 доллар кіріс әкеледі.

Осынау ауқымды жобаны жүзеге асыру мыңдаған жұмыс орнын ашып, жыл сайын шамамен 100 млрд теңге салық түсімдерін қамтамасыз етеді.

Президент тапсырмаларына сәйкес мұндағы барлық жұмыс әлемдік стандарттар деңгейіндегі экологиялық талаптарды қатаң сақтай отырып жүргізіледі.

Мемлекет басшысы күрделі салалардың бірі – энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы жүйесін сауықтыру бағытында да батыл шешімдер қабылдады. Аталған салаларда жүргізіліп жатқан ауқымды жұмыстар – жер жердегі бытыраңқы жобалар емес, инфрақұрылымдық мүмкіндікті арттыра түсу жолындағы жүйелі саясаттың көрінісі.

ИНВЕСТИЦИЯ ТARTУ  
ҚАРҚЫНЫНЕГІЗГІ КАПИТАЛҒА САЛЫНҒАН  
ИНВЕСТИЦИЯЛАРӨСІМ  
1,8 ЕСЕ  
2019-202522,7 трлн  
теңге12,6 трлн  
теңгеСАЛАЛАРҒА ИНВЕСТИЦИЯ  
КӨЛЕМІНІҢ ӨСҮІ

x5,5

Білім және ғылым

x3,7

Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсету

x3

Көлік саласы

2019-2025



## ЭКОНОМИКАДАҒЫ ШОБ ҮЛЕСІ



# жетелеген жеті жыл

Президент атап өткендей, «Энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы кез келген мемлекеттің өмір сүруіне аса қажетті тұйыр саналады». Ауқымды реформалар бастау алғанға дейін бірқатар өңірлерде генерациялық қуат көздері мен жылу желілерінің тозуы 70%-ға дейін жетсе, кей өңірлерде бұл көрсеткіш 80%-дан асып кеткен еді. Энергетикалық нысандарда болған ірі апаттар салдарынан сақылдаған сары аязда кей қалалардағы тұрғын үйлер жылусыз қалған қиын сәтті ешкім де ұмыта қоймаған шығар.

Бүгінде жүргізіліп жатқан тарифтерді ырықтандыру және инвестициялар тарту саясаты бұрынғыдай «жанталаса жамап-жасқаудан» гөрі саланы сапалы деңгейде жаңғыртуға мүмкіндік берді.

Қарағанды, Өскемен, Жезқазған, Екібастұз, Балқаш қалаларында ЖЭО-ны жаңғырту жобалары жүзеге асырылып жатыр. Алматы, Теміртау, Риддерде жылу қуаттары жаңартылуда, сонымен бірге Ақтау, Атырау, Орал, Тараз, Екібастұз (ГРЭС-2) қалаларында стансалардың қуаттарын кеңейту жұмыстары жалғасуда. Одан бөлек Ақтөбе, Атырау, Өскемен, Көкшетау, Қызылорда, Семей, Тараз, Түркістан, Екібастұз (ГРЭС-3) қалаларында жаңа генерация көздерінің жобалары бойынша жұмыстар жүргізіліп келеді.

Осымен екінші жыл қатарынан жылу маусымы айтарлықтай апатсыз өтіп жатыр деуге болады.

Президент энергетикалық тұрақтылықты ұлттық қауіпсіздік мәселесі деп атап, мұндағы шешімдер ондаған жылдар ілгері қабылдануға тиіс екенін үнемі айтып келеді. Бұл ретте елімізде электр энергиясын өндіру жоспарлы түрде өсуде. Мәселен, ол 2019 жылғы 106 млрд кВт/сағаттан 2025 жылы 123,1 млрд кВт/сағатқа дейін жеті. Салыстырмалы түрде айтсақ, жеті жылда іске қосылған қуаттардың жалпы көлемі Алматы қаласы мен Алматы облысының бір жарым жылдық тұтынатын электр энергиясына тең.

Жалпы алғанда, 2027 жылдың бірінші тоқсанының соңына қарай Қазақстан электр энергиясы тапшы елдер қатарынан шығып, профициттік деңгейге өтеді.

Сол сияқты Алматыдағы ЖЭО-2 мен ЖЭО-3-ті табиғи газға ауыстыруға ерекше назар аударылып отыр. Бұл екі ЖЭО-ны толық көшіру осы жылдың соңына дейін аяқталады. Бірнеше жүз миллиард теңге тұратын жобалар қаланың экологиясын айтарлықтай жақсарту түспек.

Ұзақмерзімді генерация балансын қалыптастыру үшін атом энергетикасын дамыту маңызды шешім болды.

АЭС құрылысы электр қуатына сұраныс арта түскен бүгінгідей жағдайда зиянды қалдықтардың ауаға таралуын азайтып, генерация көздерін әртараптандыруды қамтамасыз етеді.

Жоба, сонымен қатар, алдағы уақыттағы технологиялық дамудың, өндірісті локализациялаудың және инженерлік кадр даярлаудың берік негізі болмақ.

Президент жариялаған «Таза Қазақстан» бастамасы жалпыұлттық идеяға ұласты. Бүкіл ел бойынша миллиондаған адам экологиялық акцияларға шығып, табиғи аймақтарды қоқыстан тазарту, көгалдандыру, қалпына келтіру жұмыстарын жүргізіп жатыр. Жүздеген мың тонна қоқыс жиналып, миллиондаған ағаш көшеттері отырғызылды. Осы идеяның арқасында экологиялық мәдениет қалыптасып, тазалық пен тәртіп күнделікті өмір салтына айналды.

Президент «Өркім өзінен бастауы керек» қағидатына өз тәжірибесімен үлгі көрсетіп келеді. Мемлекет басшысы қоршаған ортаның ғана емес, адамның ой-санасының тазалығына да айрықша мән береді. Бұл бастама ел азаматтарының, әсіресе жастардың тарапынан қолдау тауып, ауқымды қозғалысқа айналды.

Экологиялық күн тәртібінде Мемлекет басшысы су қауіпсіздігі мәселесіне баса назар аударып отыр. Президент тапсырмасы бойынша қазір 20 жаңа су қоймасын салу, кемінде 15 мың шақырым ирригациялық каналды реконструкциялау бағдарламасы жүзеге асырылып келеді.

Еліміздегі көлемді су айдындары – Каспий мен Арал теңіздерін сақтап қалу мәселесі бірінші кезекке шықты. Елімізде аталған акваторияның өзекті мәселелерін терең зерделеу үшін Каспий теңізінің Қазақ ғылыми-зерттеу институты құрылды.

Жинақтап келгенде бұл экологиялық қауіпсіздік пен табиғатты тұрақты пайдаланудың кешенді тәсілін қалыптастырады.

Жаһандық су ресурстары тақырыбындағы маңызды мәселелердің бірі – мұздықтарды сақтап қалу. Сарапшылардың болжамынша, 2100 жылға қарай Орталық Азиядағы мұздықтар көлемі айтарлықтай кішірейеді. Президент осы мәселелерге де айрықша назар аударып отыр. Қасым-Жомарт Тоқаев халықаралық деңгейде «Су мұнаралары серіктестігі» құру бастамасын көтерді, оның мақсаты – мұздықтарды зерттеу әрі қорғау үшін жаһандық зерттеу орталықтарының күш-жігерін біріктіру, сол арқылы гляциологиялық ғылымды қолдауды ортақ бір жүйеге келтіру.

Әлеуметтік саясатта да сапалы реформалар жүзеге асырылып жатыр. Бюджеттегі әлеуметтік мақсаттағы шығыстар бұрынғысынша жоғары деңгейде сақталып отыр, мәселен, 2025 жылы республикалық бюджеттен аталған салаға 9,3 трлн теңге бағытталды, бұл жалпы шығыстардың 36,5%-ын құрайды.

Сонымен қатар қолдау көрсету философиясы да өзгертілді: көмек мақсаты, әділ әрі ынталандыратындай болуы керек. Ал кейінгі уақыттары қарқынды енгізіліп жатқан цифрлық құралдар үй шаруашылықтарының дамуын дәлірек бағалауға, тиімсіз төлемдерді қысқартуға және ресурстарды неғұрлым өзекті бағыттарға қайта бөлуге мүмкіндік береді.


Осы тұста кейінгі жылдары адами капиталға жұмсалатын инвестициялар айтарлықтай өсе түскенін айта кету керек: білім беру мен ғылымға салынған инвестициялар бес еседен асты, денсаулық сақтау мен әлеуметтік қызмет көрсетуге 3,7 есе өсті. Маңызды көрсеткіштердің бірі – өмір сүру ұзақтығы, ол елімізде шамамен 76 жасқа жетті, бұл көрсеткіш 2019 жылмен салыстырғанда 3 жылға артық.

Өскемен ұрпақтың жағдайына да ерекше көңіл бөлініп келеді. Осы орайда «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы – Президенттің маңызды бастамаларының бірі.

Бағдарлама шеңберінде қазақстандық балалардың шотына Ұлттық қордың инвестициялық кірісінен жыл сайын қаражат аударылады, оны әр бала 18 жасқа толғаннан кейін білім алуға немесе тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында пайдалана алады. Бағдарлама жүзеге асырылған үш жыл ішінде еліміздегі жеті млн баланың шотына 2,5 млрд доллардан астам қаражат аударылды.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2026–2030 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» бірыңғай бағдарламасы бекітілді, ол Қазақстандағы балалардың құқықтары мен әл-ауқатын қамтамасыз ету бойынша барлық қолданыстағы және жоспарланған іс-шаралардың басын біріктіреді. Аталған құжат елдегі әрбір баланың құқықтары мен әл-ауқатын жүйелі түрде қорғауды қамтамасыз ететін орнықты мемлекеттік саясаттың негізі болып табылады.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы айқындап берген басымдықтардың бірі – мектеп инфрақұрылымындағы



қордаланған проблемаларды жою. Осы мақсатта кейінгі жеті жылда 1 300-ден астам жаңа мектеп салынды, апатты және үш ауысымды білім ошақтарының саны айтарлықтай азайып, материалдық-техникалық база жаңартылды. Президент бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында ғана 2023–2025 жылдары бүкіл еліміз бойынша ең жоғары халықаралық стандарттарға сәйкес келетін 217 мектеп салынды.

TALIS-2024 халықаралық зерттеуіне сәйкес, Қазақстан мұғалімдердің еңбек-ақысымен қанағаттану деңгейі бойынша әлем елдерінің үздік бестігіне кірді. Егер 2018 жылы бұл көрсеткіш небәрі 39% болса, 2024 жылы 71%-ға жетті. Еліміздегі педагогтердің 95%-ы өз жұмысына көңілі толатынын айтты.

Мектепке дейінгі ұйымдар желісі де кеңейіп, олардың қатары 12 мыңға жетті. Медициналық мекемелер саны 830-ға дейін артты, ал дәрігерлердің саны 83 мыңнан асты. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бағалауынша, еліміз ана өлімінің төмендеу қарқыны бойынша әлемдегі жетекші он елдің қатарына кіреді: көрсеткіш тарихи минимумға дейін төмендеді.

Президенттің бастамасы бойынша 2021 жылы «Аңсаған саби» бағдарламасы іске қосылды, оның шеңберінде жыл сайын экстракорпоральды ұрықтандыру рәсімдерін жүргізуге 7 мың квота бөлінеді, бүгінде бұл бағдарламаны 28 мың әйел пайдаланды. Бағдарлама іске қосылғалы 11 мың нәресте дүниеге келді.

Ғылым мен жоғары білімді дамыту Президент тарапынан технологиялық және экономикалық өсімнің стратегиялық негізі ретінде қарастырылып отыр. Елімізде зерттеу университеттері мен ғылыми орталықтарды қолдау күшейтіліп, ғылыми зерттеулерге арналған гранттар саны артып келеді.

Қазақстанда жетекші шетелдік университеттердің филиалдары мен өкілдіктері ашылып, бірлескен кампустар мен білім беру бағдарламалары құрылуда, бұл шетелге білім іздеп кетушілер қатарын азайтып, жаһандық академиялық кеңістікке ықпалдасу үдерісін кеңейтеді.

Мемлекет басшысы біздің алдымызға ғылымды өнеркәсіппен интеграциялау міндетін қойды. Олардың ішінде әзірлемелерді коммерцияландыру, университеттер жанынан ғылыми парктер мен инновациялық экожүйелер құру бастамалары бар.

Сондай-ақ бұқаралық спорт пен қолжетімді спорттық инфрақұрылымды дамыту – Президент саясатының басым бағыты санатында.

Өңірлерде жүздеген спорт нысандары бой көтеріп, жаңғырту жұмыстары жүргізілді, мыңдаған мектеп және аула алаңдары желісі жұмыс істейді, ал азаматтардың дене шынықтырумен жүйелі түрде айналысу деңгейі 45%-ға жетті.

Бұл ретте жаңадан салынған әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысандардың бір бөлігі қайтарылған активтер есебінен қаржыландырылып жатқанын атап өту аса маңызды. Өйткені бұл бюджетке салмақ салмай, өткір проблемаларды жедел шешуге мүмкіндік берді.

Мәселен, денсаулық сақтау саласында 183 нысан қайтарылған қаражат есебінен салынды, бұл «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту ұлттық жобасын» жүзеге асыру қарқынын арттыруға мүмкіндік берді. Нәтижесінде, бүгінде Ұлттық жоба аясында еліміздің ауылдық елді мекендерінде жаңадан бой көтерген 655 алғашқы медициналық-санитарлық көмек нысаны жұмыс істеп тұр. Бұдан бөлек, осы қаражат есебінен Шығыс Қазақстан облысындағы көпсалалы аурухана мен Гематология орталығының, Маңғыстау облысындағы жедел медициналық жәрдем стансасының, Қарағанды облысындағы онкологиялық диспансердің операциялық-реанимациялық блогінің және басқа да ірі медициналық орталықтардың құрылысы жүріп жатыр.

Ел экономикасына қайтарылған қаражат есебінен 227 сумен қамтамасыз ету нысаны реконструкцияланды. Сондай-ақ мектептердің, спорт нысандарының құрылысына, коммуналдық инфрақұрылымға және басқа да әлеуметтік маңызы бар жобаларға қаражат жұмсалуда. Тағы бір жарқын мысал ретінде былтыр пайдалануға берілген Kokshe Arena көпсалалы спорт кешенін және Ақмола облысының Зеренді ауылында жаңадан салынған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебін, Петропавлдағы балабақша ғимаратын, Түркістан облысындағы музыка мектебін айтуға болады. Мұндай нысандар еліміздің әр өңірінде бар.

Айта кету керек, активтерді қайтару саясаты тек заң аясында жүзеге асырылды және міндетін адал атқаратын заңды кәсіпкерлік қызметке ешқандай әсер етпейді.

Қаражатты ашық әрі мақсатты пайдалану болжамды іскерлік ортаны қалыптастырып, инвестициялық тартымдылықты нығайту құралы ретінде инвесторлардың сенімін арттыра түседі.

Мемлекеттік басқару жүйесінде де елеулі өзгерістер орын алды. Бюджет және салық саясаты біртіндеп тұрақталып келеді, ортамерзімді жоспарлау тетіктері күшейтілді, мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау құралдары енгізілді. Бюджет процесі нәтижеге және даму басымдықтарына бағдарланып отыр, бұл шығыстарды әлеуметтік-экономикалық мақсаттармен байланыстыруға мүмкіндік береді.

Салық реформасы – уақыты қабылданған шешім болды. Ол қордаланған мәселелердің жауабын табуға жол ашты. Салық реформасы айқын әрі әділ жүйені қалыптастыруға, бизнестің жасанды түрде бөлшектену мүмкіндігін азайтуға және адал әрі әділ бәсекелестікке жағдай жасауға бағытталған.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес салық қызметі бизнес және азаматтармен өзара іс-қимылдың сервистік моделіне көшуде: салық қызметтерін цифрландыру, тәуекелдердің алдын ала отырып қадағалау және есеп беруді автоматтандыру, фискалдық тұрақтылықты қолайлы әрі болжамды ортамен үйлестіре отырып, адал салық төлеушілерге жүктемені азайтады.

Мемлекеттік және қоғамдық өмірдің барлық саласында Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Заң мен Тәртіп» қағидаты басты орында тұр.

Аталған ұстаным қоғамдық қауіпсіздік пен құқық үстемдігіне толық кепілдік береді әрі Әділетті Қазақстанды құрудың негізгі шарты болып табылады.

Азаматтардың қоғамның және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау – басты басымдық. Бүгінде құқық қорғау жүйесін жаңғырту, оның жұмысының ашықтығын арттыру бойынша жүйелі жұмыстар жүзеге асырылып жатыр.

Мәселен, озық цифрлық шешімдер енгізілуде, сервистік полиция практикасы дамып, қарлық әлеует нығайтылып жатыр.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен цифрлық трансформация жүзеге асуда. 2019 жылдан бері Қазақстан жекелеген қызметтерді цифрландырудан бастап, оның кең ауқымды моделіне дейінгі жолдан өтті. Бұл инфрақұрылымдағы маңызды тетіктердің қатарында мемлекеттік органдар мен жекеменшік сервистер арасында деректер алмасуды қамтамасыз ететін және цифрлық бизнес модельдері мен қаржылық техникалық шешімдер үшін ашық экожүйені қалыптастыратын Smart Bridge интеграциялық платформасын айтуға болады. Цифрландыру біздің мемлекетке азаматтарға проактивті форматта қызмет ұсынып, қолдау көрсетуге мүмкіндік берді.

Цифрландырудың экономикалық әсерін бюджет шығыстары мен әлеуметтік қолдаудың тиімділігін арттыру арқылы байқауға болады. Қазақстан БҰҰ EGDІ индексіне 193 елдің ішінде 24-орында тұр және онлайн-сервистер деңгейі бойынша әлемдік көшбасшылардың ондығына кіреді.

Бұған қоса, Президент бастамасымен Alem.ai халықаралық жасанды интеллект орталығы құрылды, ол қазірдің өзінде зерттеушілерді, стартаптар мен новаторларды тарту алаңына айналып үлгерді.

Мемлекет басшысы 2026 жылды Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялағаны белгілі. Үкімет экономика мен мемлекеттік басқарудың барлық саласына озық технологиялар мен жасанды интеллекттің енгізуге бағытталған Digital Qazaqstan стратегиясын әзірлеп жатыр.

Қасым-Жомарт Тоқаев ел тізгінін қолына алған жеті жыл дағдарыстарға жедел әрекет етуден жүйелі дамуға көшу кезеңі болды: экономика анағұрлым әртараптандырылған, инвестициялар орнықты, инфрақұрылым барынша сенімді, әлеуметтік саясат мейлінше тиімді бола түсті.

Осынау батыл қадам Қазақстанға институционалдық тұрғыда қалыптасқан модель мен ұзақмерзімді басымдықтарға сүйен отырып, болашаққа сеніммен қарауға мүмкіндік береді.

Бүгінде Қазақстан дамудың тарихи кезеңінде тұр. Мемлекет басшысының бастамасымен кең ауқымды ашық талқылау қорытындысы бойынша сарапшылардың және ғылыми қауымдастықтың қазақстандық қоғамның барлық сала өкілдерінің пікірі ескерілген еліміздің түбегейлі жаңа Конституциясының жобасы әзірленді.

Жаңа Ата заңымыздың басты ерекшелігі — оның өршіл рух пен кемел келешекке деген ұмтылысында. Құжат халықтың арман-мұратымен үндесіп жатыр. Онда мемлекеттің ең жоғары лауазымды тұлғасы – Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Республикасы тұзақмерзімді тұрақты дамуының берік негізін қалап, бірнеше буын ұрпақтың амандығы мен қауіпсіз өмірін қамтамасыз етудегі ерік-жігері айқын көрініп тапқан.

Мен еліміздің азаматтары дұрыс таңдау жасап, Мемлекет басшысының бастамасын қолдап, Қуатты, Әділетті, Өркендеген Қазақстанды құруға өз үлесін қосатынына сенімдімін.



ағасы. Кездесулер қорытындысы бойынша Атырау тұрғындары 15 наурыздағы референдумға қатысу әрбір отандасымыздың азаматтық борышы екенін айтты. Жергілікті жұртшылық өз таңдау құқығын пайдаланып, Қазақстанның тұрақты болашағы үшін дауыс беруге ниетті екенін білдірді.

# Азия даму банкі ауқымды жобаларды қаржыландыруға мүдделі

*Премьер-министр Олжас Бектенов пен Азия даму банкінің (АДБ) президенті Масато Канда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев белгілеген стратегиялық бағыттар шеңберінде инвестициялық ынтымақтастықты дамыту мен инфрақұрылымдық және әлеуметтік маңызы бар жобаларды қаржыландыру мәселелерін талқылады.*



Кездесу барысында көлік және логистика, ТЖ, цифрлық технологияларды дамыту, тұрғын үй нарығы, «жасыл» қаржыландыру бағытындағы жобалар жөнінде сөз болды. Сондай-ақ жасанды интеллект, дата-орталықтар салу, талшықты-оптикалық магистралдар жүргізу, көлік дәліздері мен кендік рәсімдерді цифрландыру саласындағы ынтымақтастықты дамыту әлеуеті туралы атап өтілді. Қарағандада қадрлар даярлау және ғылыми зерттеулер жүргізу үшін 300 төсектік орынға арналған университеттік аурухана салу бойынша МЖӨ жобасын жүзеге асыру барысы қаралды.

Премьер-министр Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның инфрақұрылымды жаңғырту жөніндегі негізгі әріптестерінің бірі – Азия даму банкімен жан-жақты өзара іс-қимылға ерекше мән беретінін атап өтті.

## Аида БАЛАЕВА: Президент – жаңа Конституцияның негізгі авторы

*Өскемен қаласында Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінде «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясы өкілдері шығармашы, ғылыми және этномәдени бірлестіктер өкілдерімен, сонымен қатар жастармен кездесті. Делегацияны Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева бастап барды.*

### Жасұлан СЕЙІЛХАН, «Egemen Qazaqstan»

Кездесуге Мәжіліс депутаттары Ұлықбек Тұмашинов пен Сергей Пономарев, Қазақстан Кәсіподақтар федерациясының төрағасы Сатыбалды Дәулеталин, «Еуразия» бірінші арнасының баспасөз хатшысы Полина Шиманская, С.Аманжолов атындағы ШКУ басқарма төрағасы – ректоры Мұхтар Төлеген және өзге де азаматтар қатысты.

Жиында негізінен жаңа Конституция жобасы мен 15 наурызда республикалық референдумды өткізу жайы талқыланды. Жалпыұлттық коалиция осымен он сегізінші күн ел аралап, Мемлекет басшысының жаңа Ата заң бойынша референдум өткізу бастамасына қолдау көрсетіп келе жатқанын жеткізген Аида Балаева жаңа Конституция жекелеген өзгерістерді емес, еліміздің одан әрі даму жолын стратегиялық тұрғыда айқындайтынын ерекше атап өтті.

– Небәрі 13 күннен кейін бүкіл халық болып мемлекетіміздің алдағы көпжылдық тағдырын ресми түрде айқындаймыз. Мән-мазмұны жағынан да, мақсат-мүддесі тұрғысынан да жаңа Конституцияның шын мәнінде «Халықтық» деп атауға толық негіз бар. Өйткені оның өзінде қарапайым азаматтарымыздың көкейінде жүрген көп сұраныс көрініс тапты.

Атап айтқанда, азаматтық құқықтардың едәуір кеңейі, олардың әлеуметтік мүдделерінің толық сақталуы, ілім-ғылым, инновация, мәдениет пен жалпы руханияттың салтанат құруы, ел экономикасының цифрлық дәуірдегі орны мен оған берер жауабы. Айта берсек, бұл тізім Конституцияның барлық 96 бабын тұтас қамтитын жаңалықтармен жалғаса береді, – деді Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі.

А.Балаеваның пікірінше, жаңа Ата заңымыздың ең басты новелла – тұтас қоғамның заңдылық пен әділеттілікке деген ұзақ жыл бойы күткен сұранысын ең жоғарғы құқықтық тұрғыда қамтамасыз ету.

Сондай-ақ Аида Галымқызы Конституцияның өне бойында Әділеттілік идеясы тұрғанын, ол Ата заң мәтініндегі әрбір жаңа нормаға рух беретінін атап өтті.

– Жаңа Конституциядағы прогрессивті жаңалықтар туралы айтқанда, 96 бап пен 312 тармақтан тұратын осы құжаттың өзегіндегі ең басты мәселені атап өткім келеді. Ол – Әділетті идеясы. Дәл осы ұстаным Негізгі заңның кіріспесінде айқын көрініп тұр.

Өңіміе жай ғана заңнамалық нормалар туралы емес, бұл – адамдардың әділетті өмірге деген заңды әрі табиғи сұранысы туралы сөз. Ал мұндай ортақ «әділ заңдар», «жалпыға ортақ мойындалған тәртіп» пен қоғамның жоғарғы рухани-адამгершілік қағидағтары ғана қамтамасыз ете алады. Мұның бәрі – 2019 жылдан бері, билікке келген алғашқы күннен бастап Президент жүргізіп келе жатқан мемлекеттік саясатын негізіне айнаған құндылықтар. Осы кезең бойы Қасым-Жомарт Кемелұлы құқықтар мен мүмкіндіктер теңдігін тү етіп, жауапкершілік пен әділетті ұштастырған «Әділетті Қазақстан» тұжырымдамасын нық сеніммен алға

Ынтымақтастық сапалы өсімге және халықтың әл-ауқатын арттыруға баса назар аудары отырып, экономикалық дамуды трансформациялауға бағытталған.

Азия даму банкінің президенті Масато Канда қаржы секторының тұрақтылығын арттыруды қоса алғанда, еліміздің құрылымдық реформалар бойынша жүргізіп жатқан жұмысын жоғары бағалады, сондай-ақ экономика секторларын ауқымды түрде цифрландыруды қолдауға мүдделі екенін білдірді.

Үкімет пен Азия даму банкі арасында 2026–2029 жылдар аралығында жалпы сомасы шамамен 5,5 млрд доллар болатын 15 келешегі зор жобаны жүзеге асыру бойынша өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды. Құжат экономикада жаңа ауқымды жобаларды жүзеге асыру үшін мүмкіндік ашады. Атап айтқанда, өңірлік өзара байланыс, табиғи апаттарға төзімділікті

арттыру, су ресурстарын басқару, ТКШ, тұрғын үй нарығын дамыту және тағы да басқа бағыттар бойынша бастамалар жоспарланған. Сондай-ақ АДБ жеке секторды, оның ішінде АӨК, көлік және логистика сияқты басқа да салалардағы жобаларды қаржыландыруды жалғастырады.

Сонымен қатар «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ пен Азия даму банкі арасында Сарыағаш қаласын айналып өтетін, ұзындығы 102 шақырым болатын айналма жол салу жобасы бойынша келісімшартқа қол қойылды. Аталған жол Б.Қонысбаев атындағы өткізу пунктін арқылы Өзбекстанға шығуды қамтамасыз етеді. Жаңа жол транзиттік ағынды елді мекеннен тыс жерлерге шығаруға мүмкіндік береді, автомобиль қатынасын жеделдетеді және Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы сауданың тиімділігін арттырады.

өмірдің жаршысы, ал адал мемлекет – баянды болашақтың басты кепілі!

Сөз жоқ, оның ұшар биігінде әділетті, прогрессивті, адам мен азаматтың мүддесіне бейім заң тұр. Бірақ заң – көбіне сыртқы құрылым ғана, және ол негізі мықты болмаса жұмыс істемейді. Бұл – өмірдің аксиомасы. Сондықтан алдымен саяси реформалар пакеті жүзеге асырылды. Соның нәтижесінде президенттік өкілет мерзімін қайта сайлану құқысыз 7 жыл мерзіміге белгілеу, Президенттің жақын туыстарының саяси мемлекеттік қызмет пен квазимемлекеттік сектор басшылары лауазымдарын атқаруына тыйым салу, сайлауда Мәжіліске партиялардың өтуіне мүмкіндік беретін дауыс шегін 7%-дан 5%-ға төмендету, саяси партияларды тіркеуді жеңілдету, «Барлығына қарсы» бағанын енгізу сияқты жаңашылдықтар енгізілді.



бойы тікелей айналысқан мемлекет қайраткері әрі қарапайым халыққа жақын адам ретінде Президент Тоқаев бұл құндылықтарды аталған оқиғалардан әлдеқайда бұрын ұстанып келгені бүгін анық байқалып отыр. Президенттің саяси қандаттары мен жеке адам ретінде бастан кешкен ішкі сезімдерін бүкіл рухани қырын оның «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласынан көре аламыз. Онда Мемлекет басшысы «Біз 30 жылда қандай жетістікке жеттік?», «Болашақ ұрпаққа қандай ел қалдырамыз?», «Мемлекеттігімізді нығайту үшін тағы не істеу керек?» деген баршаымызды толандырған сурақтар төңірегінде ой толғайды. Шыңдығында Мемлекет басшысы осылайша елді өзгерістерге, ең алдымен оның құқықтық негіздерін жаңартуға бастаған қазіргі шынайы жағдайларда дәлелі табылуы киіні сурақтарға ашық жауап беруге шақырды. Бұл тұрғыда абстрактілі ұғымдарға емес, әділет қағидастарына сүйену, әсіресе адамдардың өмір сапасын арттыру маңызды. Президент әрбір шешім қабылдағанда осы қағидағы басшылыққа алатынын айтады», – деді Үкімет басшысының орынбасары.

Сондай-ақ Президенттің сонау 2019 жылдан бері әрбір Жолдауында, әрбір бастамасында «Әділетті Қазақстанды» құрайық», «тәні де, жаны да таза қоғам қалыптастырайық», «азаматтарымыз тәртіпті, билік заңды ұстансын», «білім мен ғылым – қару, мәдениет пен руханият – қалқан болған мына заманда әлемнен қалмайық», деп келе жатқаны да сондықтан екенін айрықша атап өтті.

Аида Балаеваның айтуынша, осының бәрі бір ғана мемлекеттің мойнында емес, ең алдымен сол мемлекетті күшті де қуатты ететін азаматтарымыздың қолында екені анық. Сол үшін де Мемлекет басшысы «Адал азамат» идеясын қоғамның санасынан өткізіп, өскелең ұрпақтық жүрегіне жеткізді міндет етіп отыр. Өйткені адал адам өз ортасынан ұйтқысы болса, адал қоғам – берекелі

Үшіншіден, бұл – жан дүниесі таза, ой-өрісі жоғары, әлемде бәсекеге қабілетті Қазақстан азаматтарының жаңа буыны туралы сөз. Олардың ажырамас құқықтары мен бостандықтары қазіргі цифрлық ғасырда ғылым, мәдениет және инновация құндылықтарымен нығайтылған.

Қорыта келгенде, бұл – ұлттың қазіргі әлемдік тәртіптегі орнын және рөлін қайта қарау деген сөз. Бұл тағдыршешті процесс халқымыздың мыңжылдық тарихында басып өткен жолының сабақтастығы арқылы жүзеге асады.

Ең бастысы бұл идеялық желі шағын топтың кабинетінде пайда болған жоқ. Керісінше, бүкіл халықтың кең қатысуымен ашық диалог арқылы қалыптасты, деген А.Балаева өзінің Конституциялық комиссия басшылығы құрамында жұмыс істеу тұрғына не болғанын және жаңа жоба баптарын талқылау барысында өткен қызу, кейде эмоцияға толы, бірақ әрдайым сындарлы пікірталастарға тікелей қатысқанын жеткізді.

Сондай-ақ Аида Балаева тарихта алғаш рет мемлекеттік тілде, өзге емес, өз конституционалист-мамандарымыздың қолымен жазылған Құжатқа қол жеткізгеніміздің де маңыздылығын атап өтті.

– Жаңа Конституцияның негізі Президенттің «Адал азамат», «Заң мен тәртіп», «Таза Қазақстан» сияқты тұжырымдамаларынан тұрады. Сондықтан Қасым-Жомарт Кемелұлы елдің Ата заңының негізгі авторы деп атауға толық негіз бар. Мемлекет басшысы халықтан түскен әрбір ұсынысты жеке өзі қарап, сын-ескертпелерді де назардан тыс қалдырмай, жан-жақты саралап отырды. Сол себепті Конституциядағы көптеген қандатты өзгерістер оның бастамасымен әзірленіп, Конституциялық комиссияның қарауына ұсынылды, – деді ол.

Жиы барысында А.Балаева бұл өңірге шығысқазақстандық ағайыннан қолдау сұрап, тек үлкен үміт артып қана емес, берік сеніммен, нақты ұсыныспен, ел болашағын айқындайтын ажқолдай хабармен келіп отырғанын жеткізді. Баршаны алдағы келе жатқан референдумда жаңа Конституцияның қолдауға шақырды. Өңір жұртшылығының осы Ата заңды қолдағандарын – болашақты қолдағаны, осы Ата заңды құрметтегендерін – Президентің еңбегін сыйлағаны деп білетінін айтты.

Жиында Шығыс Қазақстан облысының әкімі Нұрмысбек Сақтанов жаңа Конституция жобасы ауқымды қоғамдық диалогтің нәтижесі екенін, азаматтар мен сарапшылар қауымдастығының ұсыныстарына сүйеніп отырып әзірленгенін айтты. Мәжіліс депутаты Ұлықбек Тұмашинов бірқатар институттардың тарихи сабақтастығына және билік сабақтастығын қамтамасыз ету міндеттеріне тоқталды. С.Аманжолов атындағы ШКУ Басқарма төрағасы – ректоры Мұхтар Төлеген Конституцияда адам дамуын негізгі бағыттардың бірі ретінде айқындау – технологиялық даму мен өңірлердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру секілді заманауи талаптарға сай келетінін атып өтті.

Пікірталас барысында қатысушылар құжат елдің болашағына айқын бағдар беретінін атап өтті. Мәтінде адам капиталын дамытуға, білім мен ғылымға, инновацияларға, экологиялық жауапкершілікке және келешек ұрпақ алдындағы міндеттерге ерекше мән берілгені айтылды.

Кездесу соңында қатысушылардың барлық сурақтарына толық жауап берілді.

# 15 НАУРЫЗ РЕФЕРЕНДУМ

«Есептен шығару куәлігі»

2026 жылдың 15 наурызында республикалық референдум өтеді.

2026 жылғы 27 ақпаннан бастап Сізге өз учаскенізде референдумға қатысуға құқылы азаматтардың тізімінде өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі берілетін болады.

Қандай да бір өзгерістер енгізу қажет болса Сіз дереу учаскелік референдум комиссиясына өтінішпен жүгіне аласыз. Егер азамат өзінің болатын жерін өзгертсе, ол 2026 жылғы 27 ақпаннан бастап, 14 наурыз күнгі сағат 18:00-ге дейін учаскелік референдум комиссиясына өтініштің негізінде есептен шығару куәлігін алуға құқылы. Есептен шығару куәлігін сенімхат негізінде алуға рұқсат етіледі.

Есептен шығару куәлігін ұсынған кезде учаскелік референдум комиссиясы дауыс беру күні азаматты оның болатын жері бойынша учаскедегі тізімге енгізеді. Бір елді мекеннің шегіндегі басқа учаскеде дауыс берісі келетін азаматтарға есептен шығару куәлігі берілмейді.

## Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы

### Орынбек ӨТЕМҰРАТ, «Egemen Qazaqstan»

Өскемен қаласындағы «Қазинк» ЖШС ұжымымен кездесу барысында Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева металлургия саласының Қазақстан экономикасындағы шешуші рөлін атап өтті. Бұл – елдің экспорттық әлеуетін айқындайтын, халықтың жұмыспен қамты алатын және құрылыс, машина жасау және энергетиканың дамуына ықпал ететін негізгі салалардың бірі. Ол Ата заңның жаңа редакциясы еңбек, қауіпсіздік және қызметкерлердің әлеуметтік қорғалу мәселелерін тікелей қамтитынын ерекше айтты.

«Көп жылдан бері «Қазинк» компаниясы – Қазақстанның түсті металдар экспорттық нарығында ең жоғары бәсекеестікке төтеп беріп, қарқынды дамып жатқан ұжым. Кәсібиліктің нәтижесі. Алайда өнеркәсіптің әрі қарай дамуы, білікті мамандардың жұмыс істеуі және шетелдік инвестицияларды тарту үшін ішкі саяси тұрақтылық бізге бұрыннан да маңызды болып отыр. Өздеріңіз білесіздер, 15 наурызда жаңа Конституция бойынша референдум өтеді. Бұл – жай ресми рәсім емес. Әр азаматтың мемлекеттік маңызды бар мәселелерге атсалдысып, өз ұстанымын тікелей білдіру мүмкіндігі», деді вице-премьер.

Сонымен қатар ол еңбек ұжымдарына тікелей қатысты нормаларға тоқталды.

«Ата заңда еңбек ету құқығы, қауіпсіз еңбек жағдайлары және әділ еңбекке алу құқығы бекітілді. Бұл нормалар өндірістік жарақатты азайтуға және қызметкерлердің денсаулығын сақтауға бағытталған. Яғни еңбек жағдайы үшін жұмыс беруші мен мемлекеттің жауапкершілігі ең жоғары деңгейде – Конституцияда бекітіледі. Заңүстемділі орныққан кезде тұрақтылық пен ертеңгі күнге сенім мол болады. Демек, кәсіпорындар мен қызметкерлер отбасыларына жағдай жасай алады. Негізгі өзгеріс ретінде Конституцияда басты орнына азамат – оның құқықтары мен қажеттіліктері, еңбегі қойылғанын көруге болады», деді А.Балаева.

Кәсіпорын қызметкерлері алдында Мәжіліс депутаты Сергей Пономарев те сөз сөйледі. Ол жаңа Конституция жобасы цифрлық дәуір кезеңінде және онлайн ортада адам құқықтарын қорғауды күшейтетінін айтты.

Өнеркәсіп саласының өкілдері де алдағы референдум экономиканың орнықты дамуы мен еңбек ұжымдарының болашағы үшін маңызды екенін сөз етті. «Қазинк» Өскемен металлургия кешенінің директоры Тимур Токжігітов те пікір білдірді.

«Қазинкте 19 мыңға жуық адам жұмыс істейді, оның 4 мыңы Өскемен металлургия алаңында қызмет етеді. Жұмысшылардың төрттен бірі – жалпы нәтижеге баршамен тең үлес қосып жүрген әйелдер. Біздің еңбек ұжымы үшін алдағы референдум – жай қоғамдық-саяси оқиға емес, біз еңбек етіп, бала тәрбиелеп, ұзақмерзімді өндірістік жоспар құрып отырған елдің стратегиялық даму мәселесі. Біз 2026 жылғы 15 наурызда өтетін референдумға міндетті түрде қатысамыз», деді Т.Токжігітов.

*«Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясы өкілдері Шығыс Қазақстан облысы тұрғындарымен кездесті.*

Бұдан соң Өскемен қаласындағы Орталық мәдениет үйінде облыстың шағын және орта бизнес, агро-өнеркәсіп кешені өкілдерімен кездесу өтті. Онда Аида Балаева тұрақты құқықтық органы құрудың маңызын атап өтті. Сондай-ақ ол жаңа Конституция жобасының инвестицияларды қорғауды күшейтуге, сот жүйесіне сенім арттыруға және тұрақты экономикалық дамуға жағдай жасауға бағытталғанын айтты.

«Кәсіпкер ойын ережелерінің келетін өзгерістеріне, инвестициялардың қорғалатынына, сот жүйесінің дауларды әділ әрі ашық шешетініне сенімді болуы қажет. Осындай жағдайда ғана ұзақмерзімді стратегиялық қорғалу мәселелерін тікелей қамтитынын ерекше айтты. «Көп жылдан бері «Қазинк» компаниясы – Қазақстанның түсті металдар экспорттық нарығында ең жоғары бәсекеестікке төтеп беріп, қарқынды дамып жатқан ұжым. Кәсібиліктің нәтижесі. Алайда өнеркәсіптің әрі қарай дамуы, білікті мамандардың жұмыс істеуі және шетелдік инвестицияларды тарту үшін ішкі саяси тұрақтылық бізге бұрыннан да маңызды болып отыр. Өздеріңіз білесіздер, 15 наурызда жаңа Конституция бойынша референдум өтеді. Бұл – жай ресми рәсім емес. Әр азаматтың мемлекеттік маңызды бар мәселелерге атсалдысып, өз ұстанымын тікелей білдіру мүмкіндігі», деді вице-премьер.

Сонымен қатар ол еңбек ұжымдарына тікелей қатысты нормаларға тоқталды.

«Ата заңда еңбек ету құқығы, қауіпсіз еңбек жағдайлары және әділ еңбекке алу құқығы бекітілді. Бұл нормалар өндірістік жарақатты азайтуға және қызметкерлердің денсаулығын сақтауға бағытталған. Яғни еңбек жағдайы үшін жұмыс беруші мен мемлекеттің жауапкершілігі ең жоғары деңгейде – Конституцияда бекітіледі. Заңүстемділі орныққан кезде тұрақтылық пен ертеңгі күнге сенім мол болады. Демек, кәсіпорындар мен қызметкерлер отбасыларына жағдай жасай алады. Негізгі өзгеріс ретінде Конституцияда басты орнына азамат – оның құқықтары мен қажеттіліктері, еңбегі қойылғанын көруге болады», деді А.Балаева.

Кәсіпорын қызметкерлері алдында Мәжіліс депутаты Сергей Пономарев те сөз сөйледі. Ол жаңа Конституция жобасы цифрлық дәуір кезеңінде және онлайн ортада адам құқықтарын қорғауды күшейтетінін айтты.

Өнеркәсіп саласының өкілдері де алдағы референдум экономиканың орнықты дамуы мен еңбек ұжымдарының болашағы үшін маңызды екенін сөз етті. «Қазинк» Өскемен металлургия кешенінің директоры Тимур Токжігітов те пікір білдірді.

«Қазинкте 19 мыңға жуық адам жұмыс істейді, оның 4 мыңы Өскемен металлургия алаңында қызмет етеді. Жұмысшылардың төрттен бірі – жалпы нәтижеге баршамен тең үлес қосып жүрген әйелдер. Біздің еңбек ұжымы үшін алдағы референдум – жай қоғамдық-саяси оқиға емес, біз еңбек етіп, бала тәрбиелеп, ұзақмерзімді өндірістік жоспар құрып отырған елдің стратегиялық даму мәселесі. Біз 2026 жылғы 15 наурызда өтетін референдумға міндетті түрде қатысамыз», деді Т.Токжігітов.

Бұдан соң Өскемен қаласындағы Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің базасында облыстың туризм саласының өкілдерінің қатысуымен дөңгелек үстел жиыны өтті.

Онда Премьер-министрдің орынбасары туризм саласы үшін құқықтық тұрақтылық, инвестиция мен табиғи-мәдени мұраны қорғау ерекше маңызды екенін айтты.

«Табиғатты қорғау қағидада бекіту үлкен маңызға ие. Бұл – туристік сала үшін стратегиялық маңызды бар мәселе. Қоршаған ортаны қорғау тек экологиямен байланысты емес, ұлттық қауіпсіздік пен болашақ ұрпақтың мәселесі. Табиғат – экономикалық ресурс есе, біздің ұлттық бірегейлігіміздің, тарихымыз бен мәдениетіміздің бір бөлігі. Оны сақтау – міндетіміз, ал оны жан-жақты дамыту – өскелең ұрпақ алдындағы жауапкершілігіміз. Туризм саласы үшін ерекше маңызды дүние – алдын ала пайымдау мен сенім. Инвесторлар мен кәсіпкерлер заңның айқын болуына, меншік құқығының қорғалуына және мемлекеттік шешімдердің тұрақтылығына сенімді болуға тиіс», деді А.Балаева.

Жиын соңында Шығыс Қазақстан облысының туристік сала өкілдері конституциялық реформаны қолдайтындарын білдіріп, алдағы референдумға азаматтардың қатысуы қоғам сенімін арттырып, инвестициялық ахуалды жақсартуға және өңірлердің орнықты дамуына ықпал ететін маңызды қадам екенін атап өтті.



ИГІ ІС

## Алабұғаға да ауа керек

Қыс мезгілінде су айдындарын мұз басады. Осы кезде судағы тіршілік иелері тұншықпас үшін балық шаруашылығы инспекциясының қызметкерлері мен табиғат жанашырлары аэрация жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Қазбек ҚҰТТЫМҰРАТУЛЫ,  
«Egemen Qazaqstan»

Батыс Қазақстан облысында жергілікті атқарушы органдар жауапты мекеме өкілдерімен бірлесіп, балықты қорғау мақсатында жоспарлы іс-шаралар атқарды.

«22 су айдынында 16 888 тесік бұрғыланып, қамыс баулары салынды. Мұз ойылып, 1х1 метрлік 263 ойық жасалды. 3 130 текше метр суға аэрация жүргізілді. Жұмыстарға 180 адам, 60 техника жұмылдырылды», деп хабарлады облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Мамандардың айтуынша, бұл шаралар балықты қырылудан сақтап қана қоймай, көктемгі тасқын кезінде су айдындарында мұз кептелісі болмауына септігін тигізеді. Сондықтан жұмыстар көктемге дейін жалғасады.

Жақында Орал қаласының іргесіндегі «Әнес ата» көлінде экожүйені сақтау мақсатында су астына ауа жіберу акциясы өтті. «EcoSaqshy» қоғамдық бірлестігі мен экобелсенділер



ОҚЫС ОҚИҒА

## Зардап шеккендерге – жан-жақты жәрдем

Щучинск қаласындағы дәмханада газ-ауа қоспасы жарылып, жеті адам қаза тапқаны белгілі. Жан түршіктірген оқыс оқиға қаладағы көпқабатты үйге жапсарлас салынған бір қабатты дәмханада 26 ақпанда сағат 21.56-да болды.

Байқал БАЙӘДІЛ,  
«Egemen Qazaqstan»

Суыт хабар жетісімен жедел штаб құрылып, облыстық төтенше жағдайлар департаменті мен денсаулық сақтау басқармасы тарапынан медициналық бригадалар жедел жасакталып, зардап шеккендерге көмек көрсетілді. Қолда бар барлық мүмкіндіктер жұмылдырылды. Білікті мамандар жедел жетіп, санитарлық авиация оқиға орнына бағытталды.

Щучинск қаласындағы жағдайды облыс әкімі Марат

Ахметжанов жедел штаб мүшелерімен талқылады. Оқыс оқиғаның салдарын жою шаралары, сондай-ақ зардап шеккендердің жағдайы туралы аудан әкімі Арай Садықов, төтенше жағдайлар департаменті басшысының орынбасары Мұрат Қангожинов, денсаулық сақтау басқармасының басшысы Нариман Ермек, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Шолпан Рахматуллина баяндады.

«Азаматтардың қауіпсіздігі басымдық болып қалуға тиіс.

Осы бағытта қосымша шаралар қабылдап, зардап шеккен отбасыларға жан-жақты қолдау көрсетеміз», деп атап өтті М.Ахметжанов.

Облыс әкімі зардап шеккендер мен қаза болғандардың отбасыларына жан-жақты көмек көрсетуді, медициналық көмектің уақтылы жасалуын, жедел жәрдем бригадаларының тәулік бойы кезекшілігін ұйымдастыруды, сондай-ақ оқиға себептерін объективті тергеуді, кінәлілерді жауапкершілікке тартуды, қауіпсіздік талаптары сақталуының бақылауын күшейтуді тапсырды.

Қаза болғандардың жақындарына 2 млн теңге көлемінде біржолғы төлемдер берілді. Бұған қоса дәмхана иесі қосымша әр

бұлақ көздерін ашу, қоқысты сұрыптау секілді игі істермен айналысады екен. Біз оларды қолдап, мұз бұрғысын сыйға тарттық, облыстық білім басқармасының басшысымен кездесу ұйымдастырдық. Нұрболат Жұмағазиев, Тілектес Дүйсенбаев сынды азаматтар жетекшілік ететін ұйым өз жұмыстары туралы мультфильм түсіріп, насихаттап жүр. Болашақта да бірлескен жоспарларымыз бар», дейді «EcoSaqshy» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Дәуренбек Сахым.

Батыс Қазақстан облысы

САҚТАНСаң – Сақтайды



## Өрт қаупін азайтқан жүйе

Алматы облысында табиғи өрттің алдын алу, оларды жою бағытында заманауи цифрлық шешімдер кезек-кезеңімен енгізіліп келеді. Соның бірі – интеллектуалды бейнемониторинг жүйесі. Жүйе жоғары тиімділігін көрсетіп, орман өрттерінің қаупін 14 есе қысқартуға мүмкіндік туғызып отыр.

Ұлбосын ИСАБЕК,  
«Egemen Qazaqstan»

Цифрлық мониторинг жүйесі Мемлекет басшысының 2023 жылғы 11 маусымдағы тапсырмасы аясында жүзеге асырылып жатыр. Бүгінде облыстың бес орман шаруашылығында – Бақанас, Қаскелең, Күртгі, Шелек, Қарадала аумақтарында 18 аппараттық-бағдарламалық кешен орнатылған.

Жүйеге қосылған заманауи бейнекамералар тәулік бойы өрт қаупі жоғары аймақтарды бақылап, түгін мен от тұтану ошақтарын ерте кезеңде анықтайды. Ақпарат нақты уақыт режимінде жедел қызметтерге жеткізіліп, қауіптің алдын алуға, өрттің таралуына жол бермеуге мүмкіндік береді.

Алматы облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының мәліметінше, қабылданған шаралар айтарлықтай нәтиже берген. 2022 жылы орман өрттері шаршылған аумақ 784 тектардан асса, өткен жылы бұл

көрсеткіш 53 гектарға дейін қысқарған. Бұл – шамамен 14 есе аз. Мамандардың айтуынша, бейнемониторинг жүйесі ерте анықтау мен жедел әрекет ету тиімділігін одан әрі арттырады.

Өрттің алдын алу шаралары орманды қалпына келтіру жұмыстарымен де тығыз байланысты. 2021–2025 жылдарға арналған 2 млрд ағаш отырғызу жөніндегі ұлттық жоба аясында Алматы облысында 43,7 млн ағаш отырғызылып, 19,8 мың га аумақ қамтылды. Орман отырғызу, тұқым себу жұмыстары 100%-ға орындалды. Алдағы жылдары бұл жұмыс жалғасын табады. Өңірде қосымша 8,9 млн ағаш отырғызылып, 4 мың га жер көгалдандырылады.

Жаңа технологияларды енгізу мен ауқымды орманды қалпына келтіру жұмыстары табиғи өрттердің алдын алып қана қоймай, жасыл аймақтардың көлемін ұлғайтып, өңірдің экологиялық қауіпсіздігін нығайтуға септігін тигізеді.

Алматы облысы

### Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтарын кепілдендіру жүйесі әкімшісінің тоғызыншы жылғы қызметі туралы ЕСЕБІ (2025 жыл)

Қазақстан Республикасы азаматтарының шығу туризмі саласындағы құқықтарын кепілдендіру жүйесі (бұдан әрі – Жүйе) «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес құрылды және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 21 қазандағы №607 қаулысымен қолданисқа енгізілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 21 қазандағы №608 қаулысына сәйкес Жүйенің әкімшісі болып «Туристік Қамқор» ҚҚАйқындалды. Осылайша, Қазақстан Республикасы туроператорларының қауымдастығы Жүйені әкімшілендіруді жүзеге асырады. Жүйе – Қазақстан Республикасы азаматтары, турагенттер, туроператорлар, туроператор-фрахтовательдер, Жүйе әкімшісі және туристік қызмет саласындағы уәкілетті орган арасындағы құқықтық қатынастардың жиынтығы.

Жүйе әкімшісінің мақсаты – туроператор немесе туроператор-фрахтователь өз міндеттемелерін орындамаған немесе орындау мүмкін болмаған жағдайда турист болып саналатын Қазақстан Республикасы азаматтарын уақытша болатын елінен Қазақстан Республикасының аумағына жедел қайтаруды қамтамасыз ету. Қаражатты қайтару банк кепілдігі есебінен жүзеге асырылады.

Жүйені құрудың себебі соңғы жылдары Қазақстанның туристік нарығында туроператорлардың турагстер алдындағы міндеттемелерін орындамау (туристерді уақтылы қайтармау) жағдайларының жиілеуі болды:

- 2012 жыл – «OnTravel» туроператоры – Грекияда 450 турист;
- 2013 жыл – «Qualitumtur» туроператоры – Түркияда 620 турист;
- 2014 жыл – «Гульнар Тур» туроператоры – Түркияда 4 250 турист;
- 2015 жыл – «TravelSystem» туроператоры – Түркияда 7 400 турист.

Аталған жағдайларда туристерді қайтару, әдетте мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен және туристердің өз қаражаты есебінен жүзеге асырылып, бұл жалпы туристік нарықтың беделіне нұқсан келтірді.

Туркод – туроператор өз міндеттемелерін орындамаған немесе орындау мүмкін болмаған жағдайда туристерді қайтаруды қамтамасыз ету мақсатында кепілдендіру жүйесіне қатысушы туроператор әрбір туристке беретін бірегей нөмір. Турөнімді өткізу кезінде туроператор алатын қаражат есебінен

турлардың электрондық тізілімі автоматты режимде Туркод береді.

#### Жүйе әкімшісінің қызметін ұйымдастыру

Турлардың электрондық тізілімі (Туркод) құрылды. Төраға – жұмысты ұйымдастыру, жалпы бақылау, өкілдік ету.

Директор – банк кепілдігі бар туроператорлармен Жүйеге қатысу туралы шарттарға қол қою, интернет-портал мен турлардың электрондық тізілімін құру және ұйымдастыру, ішкі жұмыс регламентін бекіту.

Заңгер (шарт негізінде) – Жүйеге қатысу туралы өтінімдерді қабылдау және өңдеу, туристердің хабарламаларын қабылдауды ұйымдастыру, нарық қатысушылары мен мүшелеріне консультация беру.

Бухгалтер – арнайы шотты жүргізу, төлемдерді ұйымдастыру және бақылау, қаржылық талдау және т.б.

Менеджер – ағымдағы жұмыс, мониторинг, бақылау, ақпараттық хаттар тарату, ақпараттық жұмыс, маркетинг, ынтымақтастық және т.б.

#### 1. Ақпараттық-түсіндіру жұмысы

- Онлайн форматта 23 кеңес және дөңгелек үстел өткізу;
- Субъектілердің 1 кеңейтілген конференциясын (офлайн) өткізу;
- БАҚ пен радиода 280-нен астам жарияланым;
- 22 әуе компаниясына және 69 шетелдік әріптеске ақпарат жеткізу;
- Жарнамалық-ақпараттық материалдар тарату;
- 19 дипломатиялық өкілдік пен халықаралық әріптестерді Қазақстанның туристік нарығындағы жұмыс қағидалары туралы хабардар ету;
- Халықаралық туристік ұйымдармен ынтымақтастық;
- Отандық туристік қауымдастықтар мен бірлестіктерді ақпараттандыру;
- Басқа қалалар мен өңірлерге іссапарлар;
- Қазақстанның 800-ден астам туристік компаниясын ақпараттандыру;
- Елдің 2 әуежайында ақпарат орналастыру;
- Мобильді қосымшаны әзірлеу және енгізу;
- Әлеуметтік желілер арқылы Жүйе қызметі туралы ақпарат тарату.

#### 2. Өтініштер мен сұраулар

Есепті кезеңде келіп түскен және қаралан өтініштер: -туристік компаниялардан – 653 сұрау;

-туристерден – 980 өтініш;

-басқа ұйымдардан – 45.

#### 3. Берілген Туркодтар саны

2024 жылғы 7 қарашадан 2025 жылғы 7 қарашаға дейінгі кезеңде 1 173 687 Туркод берілді.

#### Қаражаттың түсуі және шығыстар

2024 жылғы 7 қарашадан 2025 жылғы 7 қарашаға дейінгі кезеңде 70 туроператордан 1 022 214 677 (бір миллиард жиырма екі миллион екі жүз он төрт мың алты жүз жетпіс жеті) теңге түсті.

«Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» заңның 27-2-бабының 4-тармағына сәйкес Әкімшінің қызметі туроператор немесе туроператор-фрахтователь қалыптастырған және турагент Қазақстан Республикасының азаматына өткізген әрбір турөнімнен уәкілетті орган белгілеген мөлшерде ұсталатын комиссиялық алым есебінен қаржыландырылады.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 11 шілдедегі № 176 бұйрығымен арнайы Әкімшінің банк шотына аударылатын қаражат сомасынан ұсталатын комиссиялық алым мөлшері 10 пайыз болып бекітілді.

Осылайша, тексерілетін кезеңде Қор 148 155 267 (жүз қырық сегіз миллион жүз елу бес мың екі жүз алпыс жеті) теңге мөлшерінде комиссиялық алым алды, бұл қаражат Қордың жарғылық қызметін қамтамасыз етуге бағытталуда тиіс.

2024 жылғы 7 қарашадан 2025 жылғы 7 қарашаға дейінгі кезеңде Жүйе әкімшісі 147 158 267 (жүз қырық жеті миллион жүз елу сегіз мың екі жүз алпыс жеті) теңге жұмсады. Жұмсалған барлық сома бойынша бастапқы растаушы құжаттар (шот-фактуралар, орындалған жұмыстар актілері) бар.

#### Шығыстардың түсіндірмесі:

- Ақпараттық-түсіндіру жұмысы – 62 801 755 теңге;
- Жалақы – 40 428 875 теңге;
- Салықтар – 5 433 900 теңге;
- Жалға алу – 8 364 630 теңге;
- Байланыс, интернет, пошта – 790 153 теңге;
- Бағдарламалық қамтамасыз ету – 3 580 252 теңге;
- Әкімшілік қызметтер – 7 242 836 теңге;
- Кепілдендіру жүйесін дамыту (талдамалық және зерттеу жұмыстары) – 18 515 866 теңге.

2024 жылғы 7 қарашадан 2025 жылғы 7 қарашаға дейінгі кезеңдегі сыйақы түріндегі кірістер 641 945 367 (алты жүз қырық бір миллион тоғыз жүз қырық бес мың үш жүз алпыс жеті) теңгені құрады.

ТОО «GB Asset Management», БИН: 180440030982, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня опубликования данного объявления по адресу: Казахстан, город Алматы, Ауэзовский район, улица Аскарова, дом 4, кв. 303, почтовый индекс: A10K4X4, тел.: +7(777) 101 19 75.

ТОО «GB Financial Services», БИН: 140140005626, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня опубликования данного объявления по адресу: Казахстан, город Астана, район Есиль, улица Динмухамеда Кунаева, дом 14 Д, кв 425, почтовый индекс: 010000, тел.: +7(777) 101 19 75.

ТОО «ПЕНТАКО», БИН: 200240042083, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня опубликования данного объявления по адресу: Казахстан, город Алматы, Ауэзовский район, улица Аскарова, дом 4, кв. 303, почтовый индекс: 050043, тел.: +7(777) 101 19 75.

ТОО Фирма «Р и Ж-Құрылыс», БИН: 960140000170, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня опубликования данного объявления по адресу: г.Астана, ул.Балкантау, д.7, тел.: 8701 777 97 04.

СПК «Жаилма», БИН: 170240010989, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня опубликования данного объявления по адресу: г.Костанай, ул.Перонная, 5, каб. 202. Тел.: 8 705 416 54 80.



МИРАС

Көне сарын күмбірі

*Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымы сахнасында «Astana sazy» қазақ мемлекеттік фольклорлық ансамблі «Аспаптар шеруі» атты жеке концертін өткізді.*

**Назерке ЖҰМАБАЙ,**  
«Egemen Qazaqstan»

Еліміздің жетекші шығармашылық ұжымдарының бірі саналатын ансамбль көрерменге ерекше концерттік бағдарлама ұсынды. Кеш барысында тыңдарман қазақ дәстүрлі музыкасының алуан түрлі



композицияларымен танысып, фольк, этно-джаз, этно-панк және заманауи бағыттардың үйлесім тапқан әсерлі музыкалық кештің куәсі болды. Бағдарлама ұлттық музыка өнерінің үздік туындыларын – күй, ән, би және олардың

заманауи интерпретацияларын қамтыды.

Концертке Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ерболат Шалдыбеков, «Дарын» мемлекеттік жас-тар сыйлығының лауреаты Әділхан Макин, сондай-ақ



республикалық және халықаралық байқаулардың лауреаттары Заңғар Мүбәраков, Жанту Дадабаев, Аққанат Смағұлова, Жасұлан Кәрім қатысты.

«Astana sazy» қазақ мемлекеттік фольклорлық ансамблі – қазақ халық шығармашы-

лығының дамуына және дәріп-телуіне зор үлес қосып жүрген өнер ұжымдарының бірі. Фольклорлық ансамбль музыканттары көрерменді домбыра, қобыз, шертер, шаңқобыз, сазсырнай, сыбызғы, асаятж, дауылпаз, тұяқтас, қоңырау және басқа да халық музыкалық аспаптарының үнімен таныстырып келеді. Ансамбльдің көркемдік жетекшісі – Нүркен Якияев.

Өнер ұжымының репертуары түрлі халықтардың дәстүрлі аспаптық музыкасына, сондай-ақ заманауи авторлық шығармаларға бай. Ұжым әртістері Тәжікстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Таяу Шығыс пен Орта Азия елдерінде өнер көрсетіп, халықаралық мәдени іс-шараларға белсенді қатысып келеді.

ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ – 180

## Заңғар ақынның көлігі



*Алматы облысының Жамбыл ауданындағы ақынның музей-үйінде өзі тұтынған жеке заттары сақталған. Жәдігерлер арасында жыр алыбының жеке автокөлігі де бар.*

**Серікбол ТІЛЕПБЕРГЕНҰЛЫ,**  
«Egemen Qazaqstan»

1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ көркемөнерінің онкүндігіне қатысып, Калининнің қолынан орден алып келгеннен кейін Қазақстан үкіметі

Жамбылға айрықша көңіл бөле бастады. Ақынға арнап ауылынан үлкен үй салып берді. Жаңа үйіне көшкен соң, 1938 жылы жыршыға ГАЗ-М1 автомобилін сыйға тартты. Сонымен қатар көлік жүргізушісі де бекітті.

КӨРМЕ

## Кенептегі ғасырлар сыры

*Әбілхан Қастеев атындағы Ұлттық өнер музейінде суретші-монументалист, график, кескіндемеші әрі сәндік-қолданбалы өнерде өз өрнегін қалыптастырған шебер Қами Айтқалиевтің «Сан ғасырлық сарын» атты көрмесі есік ашты.*

**Арман ОКТЯБРЬ,**  
«Egemen Qazaqstan»

Экспозицияда бірнеше жанрды еркін меңгерген өнер иесінің көпжылдық шығармашылық жолынан сыр шертіп, көркем қолтаңбасын көрсететін 60-тан аса туынды ұсынылды. Шеңтеуте бағынбайтын шебер суретші өз шығармаларында дәстүр мен жаңашылдықты үйлестіре отырып, кеңістік пен форманы тәжірибе арқылы зерттейді. Түс пен композиция көрерменнің эмоционалды қабылдауын оятуға талпынады.

Қами Айтқалиевтің

шығармашылығы тынымсыз ізденіске толы. Автор құрақ құрау, ши тоқу, жүн өңдеу секілді дәстүрлі қазақ колөнері әдістерін заманауи тұрғыда қолданады. Бұл тәсілдер ұлттық мәдениеттің терең тамырынан қуат алып, жаңа форма мен мазмұнға жол ашады. Осы арқылы оның туындылары қазақ сәндік-қолданбалы өнерін жаңаша серпінмен жандандырып, өткен мен бүгінді байланыстырады. Бұл оның «Аңыз ана» (2024), «Жаңбырдан кейін» (2024), «Қуту» (2024), «Аңшылар» (2023) атты шығармаларында айқын көрініс тапқан. Әр жұмысында автор



табиғатпен, дәстүрмен және адамның ішкі әлемімен үндескен оялар мен сезімдерді шебер жеткізіп, көрерменді жаңа көзқарасқа жетелейді. Көңіл баураған кескіндер тек колөнердің ғана емес, сонымен қатар философиялық ой мен мәдениеттің кең өрісін ашады.

«Суретті кескіндеме жанрында да өзіндік шығармашылық тілін қалыптастырған. Оның жұмыстарында монохромды бояу шешімдері, сәндік және монументалдық сипат

айқын байқалады. Бұл ерекшелік Айтқалиевтің ішкі көркемдік қажеттілігінен туындап, кеңістікпен үйлесімді композициялық құрылым құруға бағытталған», дейді көрме жетекшісі Ақбота Алимхожина.

Суретшінің графикалық мәнерде орындаған бірегей туындылары да көрме төрінен орын алған. Бұл шығармалар автордың пластикалық ойлау жүйесін, сызық пен ыраққа негізделген ізденістерін айқындай түскен.

Шығармашылығы ұлттық болмысты, тарихи жады мен заманауи көркемдік ізденістерді үйлестірген суретші биыл 80 жасқа толып отыр. Қазақ бейнелеу өнерінің дамуына елеулі үлес қосып жүрген шеберге зор табыс тілейміз.

АЛМАТЫ

## КӨРГЕН-БІЛГЕН

ЖАРЫС КҮНДЕЛІГІ

• Болгарияның бас шаһары – Софияда ұйымдастырылған Странджа кубогінде еліміздің боксшылары 9 жұлде – 4 алтын, 2 күміс, 3 қола медаль жеңіп алды. Ерлер арасында 50 кг салмақта сынға түскен Даниял Сәбит жартылай финалда Асилбек Джалиловтан (Өзбекстан), шешуші сында Билалхабаши Назаровтан (Әзербайжан) басым түсті. Финалда Лавант Броунли (АҚШ) есе жіберген Фарух Тоқтасынов (70 кг) күміс медаль иеленді.

Ал қыздардың табысы ерлерге қарағанда әлдеқайда қомақты болды. Бұрымдылар бәсекесінде Элина Базарова (54 кг), Надежда Рябеч (80 кг), Валерия Аксенова (80 кг) алтыннан алқа тақты. Лаура Есенкелді (65 кг) күміспен күптелсе, Әнел Сақыш (54 кг), Валентина Хальзова (75 кг), Дина Исламбековалар (80 кг) қола медальға ие болды.

• Софияда таеквондодан Bulgaria Open 2026 турнирі мәреге жетті. 56 мемлекеттен 645 спортшы қатысқан жарысты еліміздің құрамасы 11 жұлдемен қорытындылады. Еркебұлан Еңсегенов (54 кг), Жавохирхон Исламов (58 кг), Елдар Бірімбай (74 кг), Батырхан Төлеутали (80 кг), Тоғжан Қазнабек (57 кг) алтыннан алқа алса, Бейбарыс Қабылан (+87 кг) күміспен күптелді. Айдана Құмартаева (46 кг), Нодира Ахмедова (49 кг), Жазира Исина (57 кг), Батырхан Күсетов (80 кг), Жәңел Сұлтанғалиева (46 кг) қолаға қол созды. Командалық есепте жерлестеріміз Ресейден кейінгі екінші орынды еншіледі.



• Бұл күндері Мәскеуде шахматтан жұлде қоры 261 548 АҚШ долларын құрайтын «Аэрофлот» ашық турнирі өтіп жатыр. Қатысушылар рейтингтегі ұпайларына байланысты үш топқа бөлініп, өзара шеберлік байқасады. Жарыста еліміздің 8 ойыншысы өнер көрсетеді. Олар – Алдияр Аңсат, Даниял Сәленов, Марк Смирнов, Сауат Нұрғалиев, Данис Қуандықұлы, Лия Құраманғалиева, Ораш Шоназаров, Зарина Нұрғалиева.

• 26-29 наурыз аралығында Астанадағы «Qazaqstan» спорт кешенінде семсерлесуден Әлем кубогінің кезеңдік сайысының жалауы желбірейді. Жарысқа әлемнің 96 елінен 600-ден астам спортшы қатысады деп күтіліп отыр. Бәсекелер ерлер мен әйелдер арасында жеке-кей, командалық сындар үлгісінде ұйымдастырылады.

• Boxing.media Instagram-аккаунты ХХІ ғасырдағы ең үздік кәсіпқой боксшылардың рейтингін жариялады. Мықтылар тізімінде бірде-бір рет жеңілістің кермек дәмін татпаған америкалық Флойд Мэйвезер көш бастап тұр. Екінші орында – филиппиндік Мэнни Пакьяо. Үшінші сатыға АҚШ-тың тағы бір шебері Бернард Хопкинс жайғаста. Сондай-ақ Александр Усик (Украина), Сауль Альварес (Мексика), Андре Уорд (АҚШ), Теренс Кроуфорд (АҚШ), Хуан Мануэль Маркес (Мексика), Рой Джонс (АҚШ), Наоя Иноуэ (Жапония) сынды саңлақтар ТОП-10-дыққа еніп отыр. Еліміздің мақтанышы Геннадий Головкинне 11-орын бұйырды.

• Белгілі үстел теннисшісі Алан Құрманғалиев Сингапурде өткен халықаралық турнирде өнер көрсетті. U19 санатындағы жарысты алғашқы кезеңдерінде даниялық Доминикас Самуолисті (4:1) 4:1, қытайлық Ю Хайяңды (4:1), жергілікті ойыншылар Сеа Бенай (4:3) мен Лой Син Жоңы (4:0) ұтқан Алан ширек финалда колумбиялық Эмануэль Отальвароға (3:4) есе жіберді.

• Қостанайдың «Тобылы» футболдан еліміз суперкубогінің иегері атанды. «Астана Аренада» өткен матчта олар Алматының «Қайратын» қапы қалдырды. Негізгі уақыт 2:2 есебімен тең аяқталды. Қостанайлықтардың сапынан Луис Герра мен Асхат Тағыберген мергенді танытқан, алматылықтар арасынан Александр Мрынский мен Яакко Оксанен қақпаны дәл көздеді. Пенальти соғуда «Тобыл» ойыншыларының бағы жанды – 5:4.

Дайындаған –  
**Ғалым СҮЛЕЙМЕН,**  
«Egemen Qazaqstan»

EGEMEN QAZAQSTAN

Жалпыұлттық республикалық газет. 1919 жылдың 17 желтоқсанынан шығады

МЕНШІК ИЕСІ: «Қазақ газеттері» ЖШС

Бас директор  
Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ  
Бас директордың бірінші орынбасары  
Виктор ПРЯНИКОВ  
Бас директордың орынбасары  
Қамбар АХМЕТ  
Бас директордың орынбасары  
Айгүл БАЙХАН  
Бас директордың орынбасары –  
Алматы басшыларының жетекшісі  
Бағашар ТҰРСЫНБАЙҰЛЫ

Бас редактор  
Ғабит ІСКЕНДЕРҰЛЫ  
Бас редактордың орынбасарлары  
Талғат БАТЫРХАН,  
Қуат ӨУЕСБАЙ,  
Орынбек ПАЗЫЛ  
Жауапты хатшы  
Амангелді ҚИЯС  
Интернет-редакция жетекшісі  
Абай АЙМАҒАМБЕТ

Бөлім  
менгерушілері  
Саясат және  
құқық  
Орынбек ӨТЕМІРПАТ  
Экономика және  
өндіріс  
Қымбат ТОҚТАМҒАРАТ

Білім және  
ғылым  
Азамат ЕСЕНЖОЛ  
Мәдениет және  
әдебиет  
Жәнібек ЖІЛМАН  
Өлеумет және  
спорт  
Жомарт ОСПАН

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Абай облысы – Бақытбек Қадір  
Алматы облысы – Индосан Исабек  
Ақмола облысы – Байқал Байқалді  
Атырау облысы – Жолдасбек Кешербайұлы  
Ақтөбе облысы – Байн Қуандықұлы  
Батыс Қазақстан облысы – Қабек Қуттымыратұлы  
Жамбыл облысы – Тағият Мұсылманқұл  
Жетісу облысы – Мұхтар Күмісбек  
Қарағанды облысы – Қасымжан Ғалым  
Қостанай облысы – Нұржанат Құлабай  
Қызылорда облысы – Мұрат Жетісбай  
Маңғыстау облысы – Гүлалым Дәуітбай  
Павлодар облысы – Мұрат Қатпарұлы  
Солтүстік Қазақстан облысы – Жасыбай Самғар  
Түркістан облысы – Ғалымжан Елшібай  
Шығыс Қазақстан облысы – Мерия Қайнарұлы  
Шымкент облысы – Әнуар Жұмашбай  
Ұлытау облысы – Жұлды Тойбек

тел.: 8 7056450424  
тел.: 8 7471835704  
тел.: 8 7759549863  
тел.: 8 7760688003  
тел.: 8 7014890223  
тел.: 8 7476011801  
тел.: 8 7755342262  
тел.: 8 7753010129  
тел.: 8 7768262696  
тел.: 8 7775800024  
тел.: 8 7018588809  
тел.: 8 7020071776  
тел.: 8 7051526557  
тел.: 8 7026398400  
тел.: 8 7026089198  
тел.: 8 7056238817  
тел.: 8 7763268698  
тел.: 8 7756688366

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

010008 АСТАНА, «Егемен Қазақстан» газеті» көшесі, 5/13  
050010 АЛМАТЫ, Абылай хан даңғылы, 58а  
АНЫҚТАМА ҮШІН:  
Астана: АТС 37-65-27, факс: 8 (7172) 37-19-87;  
Электронды пошта: info@egemen.kz  
Интернет-редакция: portal@egemen.kz  
Алматы: 8 (727) 273-07-87;  
факс: 8 (727) 273-07-87;  
Электронды пошта: almaty@kazgazeta.kz  
МАРКЕТИНГ БӨЛІМІ:  
8 (7172) 37-60-49, 37-64-48,  
egemen\_adv@mail.ru

Индекс: 65392. Аптасына 5 рет шығады  
«Қазақ газеттері» ЖШС компьютер орталығында  
теріліп, беттелді.  
Көлемі 4 баспа табақ. Нөмірлерді суреттердің  
саласына редакция жауап береді.  
«Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған  
материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газетті қайта өсіпке қою туралы  
№КЗ21VP00062701 куәлігі 2023 жылғы 12 қаңтарда  
Қазақстан Республикасы  
Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің  
Ақпарат комитеті берген.  
«Egemen Qazaqstan» жалпыұлттық  
республикалық газеті  
КР СТ ISO 9001-2009  
Сапа менеджменті жүйесі  
талаптарына сәйкес сертификатталған.

Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен  
мәтініне тапсырыс беруші жауапты.  
Газеттің жеткізілуіне қатысты сұрақтар үшін  
байланыс телефонны: 1499 («Қазпошта» АҚ)

ТАРАЛЫМЫ 50 005 дана  
ISSN 1999-9720  
9 771999 972005  
Нөмірдің көзекші редакторы  
Жәнібек ӘЛІМДАН